

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: 5.1С бөлім: «Жай бөлшектер»	Мұғалімнің аты-жөні: Абдрахманова Құнсая Алмасқызы. Жұмыс орны: №4 М. Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп. Пән атауы: Математика. Сынып: 5.	
	Күні: 25.10.2017	
Сабактың тақырыбы:	Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Осы мақсатта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.1.1.11. Арапас сандар анықтамасын білу. 5.1.2.13. Бұрыс бөлшекті арапас санға, арапас санды бұрыс бөлшекке айналдыру.	
Сабактың мақсаты:	Барлық оқушылар: арапас сан анықтамасын біледі, бұрыс бөлшекті арапас сан түрінде жаза алады. Оқушылардың басым бөлігі: бұрыс бөлшекті арапас санға, арапас санды бұрыс бөлшекке айналдыра алады. Кейбір оқушылар: мәтін есептерді шығара алады.	
Бағалау критерийлері:	– Арапас сандар анықтамасын біледі; – Бұрыс бөлшекті арапас санға, арапас санды бұрыс бөлшекке айналдыра алады.	
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты терминдер: арапас сан, бұрыс бөлшек, бүтін. Сабакта диалог үшін сөз тіркестері: <ol style="list-style-type: none"> 1. Арапас сандар дегеніміз не? 2. Бұрыс бөлшек дегеніміз не? 3. Дұрыс бөлшек дегеніміз не? 4. Арапас санға мысалдар келтір. 5. Осы арапас санын бүтін бөлігі қандай сан? 6. Осы арапас санын бөлшек бөлігі қандай сан? 	
Құндылықтарға баулу:	Бірін-бірі құрметтеуге, сыйластық танытуға, жауапкершілікке баулу.	
Пәнаралық байланыс:	Биология, физика, геометрия, алгебра.	
Алдыңғы білім:	Арапас сандар, дұрыс және бұрыс бөлшектер, бөлшектерді қысқарту.	
Сабактың барысы:	Сабактың жоспарланған кезеңдері Сабактағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабактың басы 3 мин.	– Оқушылармен амандасу. – Ширату жаттығулары, «Пазл» әдісі арқылы топқа бөлу. – Тақырыппен, сабак мақсатымен және күтілетін нәтижемен таныстыру.	 «Пазл» әдісімен 4 топқа бөлу
Сабактың ортасы	1-тапсырма: «Ойлан, ері тұжырымда» әдісі. Төрт топқа бір тапсырмадан беру. Есепті шығару жолын өзара талдайды.	Ойлау деңгейлері мен қабілетттерін дамыту үшін шығармашылық тапсырмалар беру

1-есеп. 7 алманы 3 бала тендей бөліп алулары керек. Бір бала неше алма алады? Әр бала өзінің үлесін алу үшін алмаларды қалай бөлу керек?

Оқушылардың жалпы шешімі . 7 алманың әрқайсысын 3 бөлікке бөлу тәсілін қолданбай ақ, алмаларды балаларға тендей бөліп беруге болады. Ол үшін балалардың әрқайсысына 2 алмадан беріп, қалған бір алманы тендей 3 бөлікке бөлу керек. Сонда әрбір бала $2 + \frac{1}{3}$ алма алады. $2 + \frac{1}{3}$ қосындысын қосу таңбасын жазбай, $2 \frac{1}{3}$ түрінде жазу қабылданған, сонда $2 \frac{1}{3}$ -дің оқылуы «екі бүтін үштен бір».

Жауабы: $2 \frac{1}{3}$ алма. Мұндағы сандар *аралас сан* (аралас бөлшек) деп аталады. $2 \frac{1}{3}$ аралас санының 2 саны – *бүтін бөлігі*, ал $\frac{1}{3}$ – *бөлшек бөлігі*.

2-есеп. 7 алмұртты 3 бала тең бөліп алулары керек. Бір бала неше алмұрт алады? Әр бала өзінің үлесін алу үшін алмұртты қалай бөлу керек?

3-есеп. 7 тортты 3 бала тең бөліп алулары керек. Бір бала неше алма алады? Әр бала өзінің үлесін алу үшін тортты қалай бөлу керек?

4-есеп. 7 бананды 3 бала тең бөліп алулары керек. Бір бала неше алмұрт алады? Әр бала өзінің үлесін алу үшін банады қалай бөлу керек?

Қ.б: Топтар сағат тілі бойынша бірін-бірі «Кері байланыс бутерброды» әдісі арқылы бағалайды /2 жағымды, 1 жағымсыз ұсыныс.

Түйін. Мұғалім жаңа сабак туралы таныстырылым жасайды.

Бүтін бөліктен және бөлшек бөліктен тұратын сан *аралас сан* деп аталады.

Есептің берілуі бойынша: $\frac{7}{3} = 2 \frac{1}{3}$.

Бұрыс бөлшекті аралас сан түрінде, аралас санды бұрыс бөлшек түрінде жазуға болады.

I Бұрыс бөлшекті аралас сан түрінде жазу үшін:

- 1) бөлшектің алымын бөліміне (қалдықпен) бөлу керек;
- 2) толымсыз бөлінді аралас санының бүтін бөлігі болады;
- 3) қалдық бөлшек бөліктің алымы, ал бөлгіш бөлімі болады.

Мысалы, $\frac{23}{6} = 3 + \frac{5}{6}$. Қысқаша жазылуы: $3 \frac{5}{6}$.

$$\begin{array}{r} 23 \\ \hline 18 \end{array} \left| \begin{array}{l} 6\text{-бөлімі} \\ 3\text{-бүтін бөлігі} \end{array} \right.$$

5-алымы

Осы сияқты: $\frac{32}{5} = 6 \frac{2}{5}$; $\frac{43}{8} = 5 \frac{3}{8} \cdot \frac{55}{9} = 6 \frac{1}{6}$.

II Аралас санды бұрыс бөлшек түрінде жазу үшін:



- 1) аралас санының бүтін бөлігін бөлшек бөлігінің бөліміне көбейту керек;
- 2) шыққан көбейтіндіге бөлшек бөлігінің алымын қосып, алым ету керек;
- 3) бөлшектің бөлімін өзгертпей, бөлім етіп қалдыру керек.

Мысалы, $5 \frac{3}{8} = \frac{5 \cdot 8 + 3}{8} = \frac{43}{8}$, қысқаша жазылуы: $5 \frac{3}{8} = \frac{43}{8}$.

Мысалы, $7 \frac{1}{4} = \frac{29}{4}$; $8 \frac{2}{7} = \frac{58}{7}$; $12 \frac{3}{4} = \frac{51}{4}$.



Оқушыларға алма, алмұрт, торт, банан беру.



Кері байланыс бутерброды



<https://bilimland.kz/>
Мысалдар қолдану

Оқушыларға
сергіту және ойлау

III Натурал санды аралас сан түрінде жазу үшін:
Мысалы, $9 = 8 + \frac{7}{7} = 8\frac{7}{7}$, қысқаша жазылуы: $9 = 8\frac{7}{7}$ немесе $9 = 8 + \frac{5}{5} = 8\frac{5}{5}$, қысқаша жазылуы: $9 = 8\frac{5}{5}$.

2-тапсырма. Жеке жұмыс. Математикалық диктант.

Аралас сандарды цифrlармен жазыңдар:

- 1) алты бүтін бестен төрт:
- 2) он бүтін сегізден бес;
- 3) сегіз бүтін жетіден үш;
- 4) жүз бүтін тоқсан екіден бес.
- 5) сегіз бүтін төрттен бір.
- 6) елу үш бүтін тоқсан екіден бір.

Қ.б. Есептің дұрыс жауабын тақтадан көрсету, оқушылар «Көршіңмен боліс» әдісі арқылы бірін-бірі бағалайды.

Дескриптор. Білім алушы:

- тыңдалым бойынша аралас сан жаза алады.

3-тапсырма. Ширату, ауызша есептеу.

Себетте аралас сандар мен бұрыс бөлшек болады. Ауызша есептеп жұптарын табады. Содан кейін «Ішкі, сыртқы шенбер» әдісі бойынша «Ішкі шенберге бұрыс бөлшек, сыртқы шенберге аралас сан» бол тұрады.

<https://bilimland.kz/> сайтынан тапсырмаларды беру.

Жұптардың шешімі

Аралас санды бұрыс бөлшекке айналдыр	Бұрыс бөлшекті аралас санға айналдыр	Аралас санды бұрыс бөлшекке айналдыр	Бұрыс бөлшекті аралас санға айналдыр

Қ.б. Бір-бірін ауызша кері байланыс арқылы бағалайды.

Дескриптор. Білім алушы:

- аралас санды бұрыс бөлшекке айналдыру.

Оқушылардың назарына!

BilimLand сайтындағы «Бөлшектің күнделікті өмірдегі қолданылуды» туралы видеожазбаны көрү.

қабілеттің дамыту үшін шығармашылық есеп беру.

<https://bilimland.kz/>



Жұптасып бірін-бірі табады



Ішкі және сыртқы шенбер құрайды.

Оқушылар орындарына отырып,
<https://bilimland.kz/> сайтынан видеожазба тамашалайды.

Қ.б: Окүшылардан осы видеоролик бойынша пікірін сұрау.
4-тапсырма. Жұптық жұмыс. Қалыптастыруыш бағалау.
 Қалыптастыруыш бағалауды окүшылардың қызығушылығын арттыру мақсатында «Гүл толтыру» тәсілімен беру. Түсі сәйкес жапырактарға жауаптарын жазады.

1. Семантикалық карта толтыру:

Сурет	Аралас сан	Бұрыс бөлшек	

Түсі сәйкес жапырактарға жауаптарын жазады

Дескриптор. Білім алушы:

- сурет бойынша аралас сандарды жазады;
- аралас сандарды бұрыс бөлшек түрінде жазады;
- жұптасып бірін-бірі тексереді;

$$\frac{9}{4}; \frac{5}{2}; \frac{14}{9}; \frac{27}{10};$$

бұрыс бөлшегін аралас сан түрінде жазады.

Дескриптор. Білім алушы:

- бұрыс бөлшектерді аралас сандарға айналдырады
- аралас сандарды бұрыс бөлшек түрінде жазады:

$$2\frac{1}{3}; 4\frac{1}{2}; 3\frac{5}{8}; 5\frac{2}{9};$$

Дескриптор. Білім алушы:

- аралас санды бұрыс бөлшекке айналдырады.

Қ.б: Жұптар бірін-бірі «Жұптық жұмыс» әдісі арқылы бағалайды. Топ ішінде кері байланыс орнату үшін «Ашық микрофон» ұсынуға болады.



Жұптар бірін-бірі «жұптық жұмыс» әдісі арқылы бағалайды

Сараланған тапсырмалар беру

Барлық оқушылар үшін:

Бос орындарды толтырыңдар:

$$1) \frac{17}{5} = 3\frac{\square}{5}; \quad \frac{20}{7} = \square\frac{6}{7}; \quad \frac{43}{10} = 4\frac{\square}{10}; \quad \frac{60}{11} = \square\frac{5}{11};$$

$$2) 1\frac{2}{3} = \frac{\square}{3}; \quad 3\frac{3}{4} = \frac{\square}{4}; \quad 5\frac{3}{10} = \frac{\square}{10}; \quad 9\frac{1}{5} = \frac{\square}{5}.$$

Оқушылардың басым белгігі үшін:

Бұрыс бөлшектерді қысқартып, аралас сан түрінде жазыңдар:

$$\frac{12}{8}, \frac{20}{16}, \frac{35}{25}, \frac{46}{32}, \frac{56}{12}, \frac{105}{45}, \frac{198}{102}, \frac{90}{65}.$$

Дескриптор. Білім алушы:

1. Бөлшектерді қысқартса алады.
2. Бұрыс бөлшекті аралас сан түрінде жаза алады.

	<p>Кейбір оқушылар үшін</p> <p>1) Квадраттың периметрі 35 см, Квадраттың қабырғасының ұзындығын аралас санмен жазындар;</p> <p>2) Тік төртбұрыштың ауданы 25 см^2, оның ұзындығы 6 см. Ті төртбұрыштың енін аралас санмен жазындар.</p> <p>Дескриптор. Білім алушы:</p> <p>1) бөлінді түрде жаза алады;</p> <p>2) бұрыс аралас сан түрінде жаза алады;</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>p/c</th><th>Бағалау критерийі</th><th>Дескриптор</th></tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1</td><td>Есептің мазмұнын түсінеді</td><td>Тыңдалым бойынша аралас сан жаза алады</td></tr> <tr> <td>2</td><td>Амал қолдануды ойлайды</td><td>Аралас санды бұрыс бөлшекке айналдырады</td></tr> <tr> <td>3</td><td>Өз ойларын тұжырымдай алады</td><td>Бөлшектерді қысқартса алады</td></tr> </tbody> </table> <p>Қ.б:</p> <p>1. Есептің дұрыс жауабын тақтадан көрсету арқылы тексеру.</p> <p>2. Сабакты https://itest.kz/ есептерін беріп қорытындылау, әр есепті 1 балл арқылы бағалап, оқушы білімін тексеру.</p>	p/c	Бағалау критерийі	Дескриптор	1	Есептің мазмұнын түсінеді	Тыңдалым бойынша аралас сан жаза алады	2	Амал қолдануды ойлайды	Аралас санды бұрыс бөлшекке айналдырады	3	Өз ойларын тұжырымдай алады	Бөлшектерді қысқартса алады	
p/c	Бағалау критерийі	Дескриптор												
1	Есептің мазмұнын түсінеді	Тыңдалым бойынша аралас сан жаза алады												
2	Амал қолдануды ойлайды	Аралас санды бұрыс бөлшекке айналдырады												
3	Өз ойларын тұжырымдай алады	Бөлшектерді қысқартса алады												
Сабактың соны 3 мин	<p>Сабак сонында оқушылардан кері байланыс алу:</p> <ul style="list-style-type: none"> – нені білді, нені үйренді; – не әлі де түсініксіз; – қандай бағытта жұмыс жүргізу қажет. <p>Оқушылар өз пікірлерін стикерге жазады. Ауызша кері байланыс жасауға тілек білдірген оқушыларға ашық микрофон ұсыну.</p> <p>Оқуда қол жеткізген мақсатымызды анықтаймыз:</p> <p>5.1.1.11. Аралас сан анықтамасын білу;</p> <p>5.1.2.13. Бұрыс бөлшекті аралас санға және аралас санды бұрыс бөлшекке айналдыру.</p> <p>Оқушыларды бағалау: Смайлуктердің көмегімен оқушылардың танымдық-белсенділігін бағалау.</p> <p>Үй жұмысы: Аралас сандар, 425, 423 жаттығу.</p> <p style="text-align: right;"><i>Назарларыңызға рахмет!</i></p>	<p>Тақтадағы дұрыс жауаптар арқылы әрбір оқушы өзін-өзі бағалайды.</p> <p>Әр түстер және қарсы топ бойынша сәйкестендіріп тексереді https://itest.kz/</p>  <p>Оқушыларға ашық микрофон беріледі, олардың пікірлері күнды</p>												
Саралай	<p>Бағалау</p> <p>Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз?</p> <p>– Сіз қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>												
Сараланған оқушыларға танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында сараланған тапсырмалар беру	<p>Көршінмен бөліс, бутерброд әдісі, дескриптор арқылы бағалау, жұптық тексеру, ауызша кері байланыс әдістері арқылы бағалау</p>	<p>Пазл әдісі, көршінмен бөліс, ашық микрофон</p>												
Сабак бойынша рефлексия														
Жалпы бағалау														
Сабакта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?														
1:														
2:														
Сабактың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?														
1:														
2:														
Осы сабактың барысында мен сынып туралы немесе жекеленген оқушылардың жетістіктері қызыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабактарда не нәрсеге назар аудару қажет?														